

The results of the archaeological intelligence of 2017 at the Urzhar region (the sacral geography of Kazakhstan)

Omarov Ghani Kalyanovich

candidate of historical Sciences, associate Professor, head of the Department of archeology, Ethnology and museology of KazNU.Al-Farabi. The Republic of Kazakhstan, Almaty 050040 al-Farabi Ave., 71. E-mail: Gani.Omarov@kaznu.kz

Bezyaev Bauyrzhan Berkanovic

master of archaeology and Ethnology, lecturer of the Department of archeology, Ethnology and museology KazNU.Al-Farabi. The Republic of Kazakhstan, Almaty 050040 al-Farabi Ave., 71. E-mail: besetaev86@mail.ru

Abstract. The article includes descriptions of the monuments recorded as a result of archaeological exploration in the Urzhar district of East Kazakhstan region in the field season of 2017. The main goal is to identify and further study of new monuments. During the work, new archaeological sites belonging to different EPO-Kham were discovered. Also provides a brief history of the study of the region. The work is carried out in the context of the state program of modernization of public consciousness (the direction of the concept of sacred geography of Kazakhstan).

Key words: sacred geography; Urdzhar district; East Kazakhstan region; monuments; archaeological exploration.

Үржар ауданындағы 2017 жылғы археологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері (Қазақстанның киелі географиясы хақында)

Омаров Ғани Қалиханұлы

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі. Қазақстан Республикасы, Алматы қ. 050040 Әл-Фараби даңғылы 71. E-mail: Gani.Omarov@kaznu.kz

Бесетаев Бауыржан Берканұлы

Археология және этнология магистрі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, Алматы қ. 050040 Әл-Фараби даңғылы 71. E-mail: besetaev86@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада 2017 жылғы далалық маусымда Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде табылған ескерткіштердің сипаттамасы берілген. Негізгі мақсаты – жаңа ескерткіштерді анықтау және одан әрі зерттеу. Жұмыста әртүрлі дәуірлерге жататын жаңа археологиялық ескерткіштер табылды. Аймақтың қысқаша тарихы да келтірілген. Жұмыстар қоғамдық сананы жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы аясында (Қазақстанның киелі географиясы тұжырымдамасын дамыту бағытында) жүзеге асырылды.

Кілт сөздер: киелі география; Үржар ауданы; Шығыс Қазақстан облысы; ескерткіштер; археологиялық барлау.

Результаты археологической разведки 2017 года в Урджарском районе (сакральная география Казахстана)

Омаров Ғани Калиханұлы

кандидат исторических наук, доцент, заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии КазНУ им.Аль-Фараби. Республика Казахстан, г.Алматы 050040 пр. аль-Фараби, 71. E-mail: Gani.Omarov@kaznu.kz

Бесетаев Бауыржан Берканович

магистр археологии и этнологии, преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии КазНУ им.Аль-Фараби. Республика Казахстан, г.Алматы 050040 пр. аль-Фараби, 71. E-mail: besetaev86@mail.ru

Аннотация. В статью включены описания памятников, зафиксированных в результате археологической разведки в Урджарском районе Восточно-Казахстанской области в полевом сезоне 2017 года. Основной целью является выявление и дальнейшее изучение новых памятников. В ходе работ были обнаружены новые археологические памятники, относящиеся к разным эпохам. Также приводится краткая история изучения данного региона. Работа выполнена в контексте государственной программы модернизации общественного сознания (направление разработки концепции сакральной географии Казахстана).

Ключевые слова: сакральная география; Урджарский район; Восточно-Казахстанская область; памятники; археологическая разведка.

ӘОЖ/УДК 902/904(574.42)

**Үржар ауданындағы 2017 жылғы археологиялық барлау
жұмыстарының нәтижелері
(Қазақстанның киелі географиясы хақында)**

Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б.

Еуразия көне тарихында Тарбағатайдың күңгейіндегі Үржар өңірі ерекше маңызға ие. Өйткені бұл мәдени-тарихи өңір байырғы замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Мұнда алғашқы қауым кезінің өзінде-ақ бірнеше археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер толыққанды растап отыр. Алайда өңірдің ежелгі тарихы әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелінген жоқ. Ежелгі дәуірде өмір сүрген тайпалар тарихының қайнар көзін ашар, мәдениетін анықтайтын жазба деректердің тым аздығына байланысты өлкені мекендеуші ежелгі тұрғындар қалдырған археологиялық ескерткіштер материалдары осы олқылықтың орнын толтырар бірден-бір дерек болып табылады. Осы ауданның ежелгі дәуір тарихына қатысты археологиялық деректер ХІХ ғасырдың өзінде-ақ жинала бастағанымен, ғылыми құндылығы жоғары шынайы деректер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жинақталынған болатын. С.С. Черников 1947 жылы Шығыс Қазақстан экспедициясы құрылған уақыттан бастап кей жылдардағы үзілістерін санамағанда 1971-ші жылға дейін археологиялық барлау, ескерткіштерді есепке алу және қазба жұмыстарын жүргізді. Соғысқа дейінгі 1935-1937 жылдардың өзінде-ақ зерттеушінің басты назары осы өлкедегі кен орындарын іздестіру, археологиялық барлау мен стационарлық қазба жұмыстарына және шешуін күтпейтін күрделі мәселелер мен ірі ескерткіштерді жүйелі түрде зерттеуге бағытталды (Археологическая карта Казахстана 1960, С.145, рис.46; Бесетаев 2007, С.111). Отандық археологтардың «Археологическая карта Казахстана» атты ұжымдық еңбегінде археологиялық ескерткіштер ғылыми тұрғыдан жүйеленді, оның кіріспе бөлімінде Қазақстан археологиясының тарихына қысқаша шолу жасалынды. Онда Үржар өңіріндегі біренсаран ескерткіштердің сипаты баяндалған еді (Омаров, Жұматаев, Сапатаев 2016, С.180-181).

Кейінгі жылдардағы зерттеулер кездейсоқ табылған олжалар мен жол салу барысында жүргізілген жұмыстармен сипатталады. Кешенді түрдегі археологиялық зерттеулер Шығыс Қазақстандағы көне мәдениеттердің дамуы мен басталуын анықтау мақсатымен 2015 жылы Ғ.Қ. Омаровтың жетекшілігімен Үржар ауданында барлау және қазба жұмыстары басталды (Омаров, Бесетаев, Сагындыкова 2016, С.189-198; Черников 1951, С.189-198).

Үржар ауданының ежелгі бақташыларының мәдени дәстүрлерінің тарихи реконструкциясын зерттеу гранттық жобаның негізгі мақсаттарының бірі. Осы мақсатпен 2017 жылдың 2 шілдеден 31 шілде аралығында ежелгі дәуірлерден ортағасырға дейінгі кезеңдерді қамтитын археологиялық ескерткіштерді тізімге алып, археологиялық ескерткіштердің географиялық орналасу картасы жасалды.

Археологиялық экспедиция құрамында археологиялық ескерткіштерді графикалық сызбалары мен сызба жоспарларын жасау үшін топограф-геодезисттер қатысты. Ескерткіштердің орналасуын және сызба картасын жасау барысында «Phantom 4» квадрокоптері пайдаланылды. Сонымен бірге, археологиялық нысандарды есепке алу мен зерттеу барысында геоморфологиялық зерттеулер қолданылды.

Аталмыш аймақтағы зерттеулер мен барлау жұмыстары энеолит дәуірінен ортағасырлар аралығын қамтитын үлкен тарихи уақытты қамтиды. Сонымен қоса, бұрын ғылымға белгісіз жаңа ескерткіштер ашылды. Олардың ішінде Жақсы жартас, Жаман жартас петроглифтері мен осы кешенге жататын жерлеу-ғұрыптық ескерткіштері, Жайтөбе ерте сақ кезеңінің жерлеу-ғұрыптық кешені мен патшалық обалары, ерте темір мен көне түркі кезеңімен мерзімделетін Шағантоғай 1 мен Шағантоғай 2, Қарабұлақ, Жарбұлақ және т.б. ескерткіштер.

Барлық ескерткіштердің географиялық координаталары алынып, толық сипатталып топографиялық жоспарға түсірілді. Әр түрлі кезеңдермен мерзімделетін археологиялық ескерткіштерді анықтау, оларды жергілікті картаға түсіру жұмыстары мақсатымен жасақталған экспедиция құрамы Таскескен – Жарбұлақ тас жолының бойымен жүріп, келесі ескерткіштер тобын тізімге алды:

Жақсы тас петроглифтері (1-2 сурет) Үржар ауданы, Таскескен елді мекенінен батысқа қарай 15 шақырымдай жерде ұсақшоқылы жартастарда салынған. Жергілікті ландшафт негізінен Тарбағатай тауының сілемдерімен ерекшеленіп, Қазақтың ұсақшоқылы далалық аймақтарымен шекараласып жатыр. Петроглифтер салынған жартастар денудациялық процесске ұшырап, жойылып кету қаупін айта кеткен жөн. Жартас петроглифтері негізінен орта және соңғы қола дәуірімен, ерте темір дәуірімен мерзімделеді.




1-сурет. Жақсытас петроглифтері.
Тау ешкі бейнелері



2-сурет. Жақсы тас петроглифтері.
Салт атты жауынгер бейнесі

Жаман тас петроглифтері (3-4 сурет) Жақсы тас жартас суреттерінен оңтүстікке қарай 5-6 шақырымдай жерде орналасқан. Жергілікті ландшафт Жақсы тас петроглифтері орналасқан жермен бірдей болып келеді. Бұл ескерткішке де жойылып кету қаупі төніп тұр. Жаман тас петроглифтері негізінен энеолит кезеңінен ерте орта ғасырлар кезеңін қамтиды. Толық интерпретациясын жасау мен қашау техно-логиясын (трассологиялық) зерттеу жұмыстары жүріп жатыр.



3-сурет. Жаман тас петроглифтері.
Тау ешкі бейнелері



4-сурет. Жаман тас петроглифтері.
Арқар, бұғы бейнелері

Жаман тас қорымы көлемдері салыстырмалы түрде орташа келген екі обадан тұрады. Олардың көлемдері 12×12 м және 6×6 м болып келген. Қорғандар жайылған ұсақ тас аралас топырақ үйіндімен сипатталады. Биіктіктері 1,2 м және 0,6 м. Ортаңғы бөліктерінде тоналған ізі байқалмайды. Орлары жоқ. Ескерткіштер ерте сақ кезеңімен мерзімделеді.

Жайтөбе қорғандары (5-сурет) Мақаншыға кіреберіс жердегі Қабанбай қақпасы немесе жергілікті атау – Жайтөбе атты жерде Үржар – Мақаншы тас жолынан оң жақ бетінде 3-4 шақырым жерде орналасқан. Қорғандар тобы ірі және орташа 7 обадан тұрады. ОБ – СШ сызығы бойымен тізбектеліп жатыр. Ірі обалардың диаметрі шамамен 40×40 м, биіктігі 3,5-4 м аралығында. Қорым негізінен үш ірі, бір орташа және үш салыстырмалы түрде кішірек обалардан тұрады. №№ 1, 2, 5, 6 және 7 обалардың жер беті құрылысы шаруашылық іс әрекеттердің әсерінен бұзылған. Обалардың беткі құрылысы тас аралас топырақ үйіндімен сипатталады. Ірі обалардың орлары бар. Тонаушылар қалдырған ойыстары байқалады. Жалпы ескерткіштер ерте темір кезеңімен мерзімделеді.

Шағантоғай 1 қорымы Мақаншы – Жарбұлақ тас жолының оң жақ бетінде 2 шақырым жерде орналасқан. Қорым көлемдері орташа келген үш обадан тұрады. Диаметрлері 26×24 м, 17×17 м, 14×14,5 м, биіктіктері 0,4-1,3 м аралығында. Обалардың беткі құрылысы тас аралас топырақ үйіндімен сипатталады. Ескерткіштер ерте сақ кезеңімен мерзімделеді.

Шағантоғай 2 қорымы (6-сурет) орташа және кішірек келген 5 обадан тұрады. Мақаншы – Жарбұлақ тас жолының сол жақ бетінде 2,5 шақырым жерде орналасқан. Негізінен жер беті құрылысы топырақ үйіндіден тұрады. Обалардың арасы аса алшақ емес, диаметрлері 12×12 м, 8×7 м, 8×8 м аралықтарында. Үйінділер жайылып кеткен. Айқын тоналған белгілер байқалмайды. Ескерткіштер ерте сақ кезеңімен мерзімделеді.



5-сурет. Жайтөбе сақ обаларының шығыстан қарағандағы көрінісі



6- сурет. Шағантоғай – 2 қорымы

Қарабұлақ қорғандары (7-сурет) Мақаншы – Жарбұлақ тас жолы бойын-дағы Қарабұлақ елді-мекеніне кіре беріс жерде орналасқан. Қорым негізінен 5 топырақ үйіндімен сипатталатын қорғандардан тұрады. Қорғандардың диаметр-лері 30×30 м, биіктіктері 1,5-2 м аралығында. Ауылға кіре берістегі «Қарабұлақ» жазуы бір қорғанның үстіне салынған. Тағы бір оба кезіндегі жол құрылыстары кезінде бүлініп қалған. ОБ – СШ сызығы бойымен тізбектеліп жатыр. Ескерткіш негізінен ерте темір дәуірімен мерзімделеді.



7-сурет. Қарабұлақ сақ кезеңінің обасы



8- сурет. Жарбұлақ қорымы

Жарбұлақ қорғандары (8-сурет) топырақтан үйілген, диаметрі 16×16 м шамасында болады, биіктігі 1,2 м. Қорымда жердің бетінде байқалатын бір-неше оба. Мақаншы – Жарбұлақ тас жолы бойындағы Қарабұлақ елдімекеніне кіре беріс жерде орналасқан. Мерзімделуі мен кезеңделуі ескерткіштің сыртқы

келбетіне байланысты қола дәуірі мен ерте темір дәуірлерінің аралығын қамтиды.

Жалпы Мақаншы, Үржар өңірінің археологиялық ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде көне тұрғындардың мәдениеті жайлы біршама мәліметтер алынды. Бұл материалдар болашақтағы Үржар ауданында жүргізілетін археологиялық зерттеулерімізде кейбір тұжырымдар жасауға септігін тигізіп, өңірдің тарихы туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қоса, қарастырып отырған өлкедегі ерте темір дәуірі ескерткіштері көршілес аймақтардағы хронологиялық шеңбері бір мәдени ошақтармен теориялық жағынан салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Дегенмен, Үржар өңірінің, жалпы алғанда Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймақтарының археологиялық тұрғыда зерттелінуінің Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда ақтандақ беттері көп, әлі де зерттеуді қажет етеді. Олардың қатарында қорғандар мен қоныстардың жалпы санын, тарихи-топографиялық құрылымын, өзара байланысын анықтау күні бүгінге дейін толық шешімін тапқан жоқ.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Археологическая карта Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – 449 с.
2. Бесетаев Б.Б. Тарбағатайдың күңгейіндегі көне ескерткіштер // *Алаш*. – 2007. – №6 (15). – С. 111-115.
3. Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сағындыкова С.Т. Үржар ауданында 2016 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының алдын-ала қорытындысы // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 30 қараша 2016 ж. / Жауапты ред. Ғ.Т. Бексеитов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С.189-198.
4. Омаров Ғ.К. Жұматаев Р.С., Сапатаев С.А. ШҚО Үржар ауданында 2015 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С. 162-166.
5. Черников С.С. Восточноказахстанская экспедиция // Краткие сообщения института истории материальной культуры. – 1951. – №37. – С.144-150.

Reference

- Arheologicheskaya karta Kazahstana 1960 – *Arheologicheskaya karta Kazahstana* 1960, Otv. red. K.A. Akishev, AN Kaz SSR, Alma-Ata, 449 s. (*Archaeological map of Kazakhstan* 1960, Ed. K.A. Akishev, Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Alma-Ata, 449 p). (*in Rus*).
- Besetaev 2007 – Besetaev, BB 2007, Tarbagatajdyn kungejindegi kone eskertkishter, *Alash*, №6(15), S.111-115. (Besetaev, BB 2007, The ancient monuments of Tarbagatai, *Alash*, №6(15), P.111-115). (*in Rus*).
- CHernikov 1951 – Chernikov, SS 1951, Vostochnokazahstanskaya ehkspediciya, *Kratkie soobshcheniya instituta istorii material'noj kul'tury*, №37, Moskva-Leningrad: AN SSSR, S.144-150. (Chernikov, SS 1951, East-Kazakhstan expedition, *Reports Institute of History of Material Culture*, №37, Moscow-Leningrad: AN USSR, P.144-150.). (*in Rus*).
- Omarov, Zhumataev, Sapataev 2016 – Omarov, GK, Zhumataev, RS, Sapataev, SA 2016, SHKO Urzhar audanynda 2015 zhyly zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystary, «*Kazirgi zhogargy bilim zhujesindegi arheologiya, ehtnologiya zhane muzejtanu*» atty «*VIII Orazbaev okulary*» halykaralyk gylimi-adistemelik konferenciya materialdary, Zhauapty red. A.B. Kalysh, Kazak universiteti, Almaty, S.162-166. (Omarov, GK, Zhumataev, RS, Sapataev, SA 2016, Archaeological excavations conducted in Urdzhar district of East Kazakhstan region in 2015, materials of the international scientific-methodical conference «*VIII Orazbayev's readings*», «*Archeology, ethnology and modernization in the system of modern higher education*», Responsible ed. AB Kush, Kazakh University, Almaty, P.162-166). (*in Rus*).
- Omarov, Besetaev, Sagyndykova 2016 – Omarov, GK, Besetaev, BB, Sagyndykova, ST 2016, Urzhar audanynda 2016 zhyly zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystarynyn aldyn-ala korytyndysy, *Kazakstan Respublikasy tauelsizdiginin 25 zhyldygyna amalghan «Halyk – tarih tolkynynda»*

memlekettik bagdarlamasy ayasyndagy «Arheologiyadagy zertteudin zhana adisteri» atty halykaralykgylymi-tazhiribelik konferendiya materialdary. 30 karasha 2016 zh., Zhauapty red. G.T. Bekseitov, Kazakh universiteti, Almaty, S.189-198. (Omarov, GK, Besetaev, BB, Sagyndykova, ST 2016, Preliminary conclusions of archeological excavations conducted in Urdzharsky area in 2016, materials of the International scientific-practical conference «Research and Methods in Archeology» within the framework of the State Program «People's History» in honor of the 25th anniversary of the Republic of Kazakhstan's irregularity. 30 November 2016, Responsible Ed. Bekseitov, Kazakh University, Almaty, P.189-198). (in Rus).